

ЖОБА АТАУЫ

Су тапшылығы жағдайында егін шаруашылығын әртараптандыру мақсатында аквагель өнімін қолдану

ТОП ҚҰРАМЫ

(аты-жөні, жұмыс орны,
қолтаңба)

1. Имаш Дәулет Ғабитұлы - «Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» ММ-нің бас маманы
2. Әшірбеков Ақылбек Сәндібекұлы – “Қазалы ауданы, Тасарық ауылдық округі әкімі аппараты” КММ-нің бас маманы
3. Татишев Адилбек Мамыртайұлы – “Қармақшы аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі” КММ-нің бас маманы
4. Мұратбеков Жеткерген Мұратбекұлы – “Қармақшы ауданы Алдашбай ахун округі әкімі аппараты” КММ-нің бас маманы

КЕЛІСІЛДІ:

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ІСКЕ АСЫРУ ЖӘНЕ ІЛГЕРІЛЕТУ
КАБИНЕТІ

К. Джрауова

«__» _____ 2021 ж.

ҚЫЗЫЛОРДА

Жоба жарғысы

Жоба атауы	Су тапшылығы жағдайында егін шаруашылығын әртараптандыру мақсатында аквагель өнімін қолдану
Бастамашы	“Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы басқармасы” ММ
Демеуші	Қызылорда облысының әкімдігі
Жоба жетекшісі	Имаш Дәулет Ғабитұлы - «Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» ММ-нің бас маманы
Бекітілген мерзімі	01.07.2021 жыл
Дайындаған	Имаш Дәулет Ғабитұлы- «Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» ММ-нің бас маманы; Әшірбеков Ақылбек Сәндібекұлы – “Қазалы ауданы, Тасарық ауылдық округі әкімі аппараты” КММ-нің бас маманы; Татишев Адилбек Мамыртайұлы – “Қармақшы аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі” КММ-нің бас маманы; Мұратбеков Жеткерген Мұратбекұлы – “Қармақшы ауданы Алдашбай ахун округі әкімі аппараты” КММ-нің бас маманы.
Жоба миссиясы	Қызылорда облысы аумағында су тапшылығын азайту және бау-бақша, егін шаруашылығын әртараптандыру. Аймақ халқы арасында су ресурстарын үнемдеу мәдениетін қалыптастыру және жаңа технологиялар жөнінде пайдалану
Бастаманы негіздеу	“Қазақстан-2050” Стратегиясы, “Қазақстан Республикасының Су кодексі” 09.07.2003 жылғы №481, “Қазақстан Республикасының Жер кодексі” 20.06.2003 жылғы №442, “Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы” Қазақстан Республикасы Үкіметінің 12.07.2018 жылғы №423 қаулысы.

Жоба мақсаттары (SMART критерийлеріне сәйкес келетін жобаның мақсатын көрсетіңіз)	2022 жылдың 1 маусымына дейін Қызылорда қаласы, Арал, Қазалы, Қармақшы, Шиелі, Жалағаш, Сырдария, Шиелі және Жаңақорған аудандарындағы шаруа қожалықтарына бау-бақша, егін шаруашылығын әртараптандыру мақсатында аквагель өнімін қолданысқа енгізу және республикалық немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен аталған өнім түрін кем дегенде 50% субсидияландыру.
Жоба міндеттері (әрбір міндеттерді іске асыру кезінде алынатын жобаның міндеттері мен нәтижелерінің толық тізімін ұсыныңыз)	Қызылорда қаласында – 40, Арал ауданында – 60, Қазалы ауданында – 80, Қармақшы ауданында – 50, Шиелі ауданында – 80, Жалағаш ауданында – 75, Жаңақорған ауданында – 90, Сырдария ауданында – 75, барлығы 550 шаруа қожалықтарына аквагель өнімін сатып алу қаржысының 50% үкіметтік деңгейде субсидияландыру
Жобаның мақсатты көрсеткіштері мен табыстылығын бағалау критерийлері	Облыс көлемінде су ресурстарының сарқылуын тоқтату және үнемдеу бойынша тиісті деңгейде шаралар қолдану. Шаруа қожалықтары арасында бұл өнімнің суды пайдаланудың дәстүрлі тәсіліне қарағандағы артықшылықтарын түсіндіру. Бюджеттегі жүктемені азайту. Мысалы: Су тапшылығын жою мақсатында республикалық және жергілікті бюджеттен насостық құрылғыларды сатып алу және су қоймаларын, каналдарды салу және тазартуға жыл сайын қыруар қаржы бөлінуде.
Жоба өнімі	Аквагель технологиясы. Бау-бақша өнімдерін суару барысында ылғалдылықтың біршама уақытта сақталуын қамтамасыз етеді.
Жобаға тапсырыс беруші	“Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы басқармасы” ММ, “Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы” ММ, “Қызылорда облысының ішкі саясат басқармасы” КММ
Тапсырыс берушінің қажеттіліктері	Су ресурстарын сақтау және егін шаруашылығын әртараптандыру мақсатында бюджеттегі жүктемені азайту, су ресурстарын пайдалануда альтернативтік тәсілдерді қолдану.
Жобаның мүдделі тараптары	Қызылорда облысындағы егін, бау-бақша және мал азығын дайындаумен айналысатын шаруа қожалықтары.

<p>Жоба бойынша болжамдар:</p> <ul style="list-style-type: none"> - уақыты бойынша; - құны бойынша; - ресурстар бойынша. 	<p>Мерзімі: 01.07.2021-01.06.2022 ж.ж.</p> <p>Құны: 1 млрд теңге, 4 мың теңге (1 кг) (1 кг аквагель 100 м2, 5-15 см тереңдікті қамтиды және 45 С температурада 6 күн мерзімде ылғалдылықтың сақталуын қамтамасыз етеді)</p> <p>Ресурстар: аквагель (гидрогель) немесе аквагрунт</p>
<p>Жоба шектеулері (жобаның орындалуын шектейтін факторларды (бюджеттік, ресурстық шектеулер, заңнамаға, қоршаған ортаға және т. б. байланысты шектеулер), сондай-ақ жобаны орындау кезінде олар әрекет ететін болжам бар факторларды көрсету)</p>	<ol style="list-style-type: none"> 1. Жобаға қаржылай қолдаудың болмауы. 2. Табиғи тосын жағдайларға байланысты әртүрлі шығындар. 3. Шаруа қожалықтарының аталған жобаны қолдамауы 4. Аталған өнімнің Ресей Федерациясында өндірілуі. 5. Өнімді ел территориясына жеткізілу барысындағы қиындықтар
<p>Жобаның басымдылықтары</p>	<p>Сырдария өзенінің, Кіші Аралдың және Қамыстыбас көлінің акваториясының сақталуы. Бұл ретте егінді және бау-бақша өнімдерін суару қажеттілігі туындамайды. Аквагель түйіршіктері дақыл тұқымдарымен бірге белгілі тереңдікке негізделген арнайы сепкіштермен орналастырылады. Топыраққа сіңірілген препарат су ерігіндісін қоректі заттармен бірге бойына жинап сақтайды. Дақыл өзінің өсу дәуірінде қажетті ылғалды «Аквагель» препараты арқылы тиімді алып отырады. Аквагель препараты резинке, губка сияқты ылғалды беріп, ылғалды сіңіріп дақыл піскенше ылғалды тиімді пайдалануға жағдай жасайды. Өсімдікке қажетті ылғал мөлшері топырақ – климат жағдайына тікелей байланысты. Аквагель бұл көрсеткішті өзгерте алмайды, дегенмен ылғалдың сол мөлшерін тиімді пайдалануға әсер етеді. Ылғалдың тиімсіз тарап және буланып ұшып кететін мөлшерін аквагель бойына сіңіріп өсімдікке қажет кезінде беріп отырады. Бұл «қажет кезінде пайдаланатын су» өсімдіктің қорек пайдалануына да көп әсерін тигізеді.</p>

Жобаға қатысушылар	“Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы басқармасы” ММ, “Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы” ММ, «Қызылорда облысының ішкі саясат басқармасы» КММ
Соңғы мерзім	01.06.2022 ж.
Жобаның негізгі мерзімі (кезендері) (Жобаның бақылау кезендерінің тізімін жасаңыз. Бақылау кезендерінің тізімі жобаның негізгі оқиғаларын, олардың күндерін және осы күнгі жағдай бойынша алынуы тиіс нәтижелерді анықтайды)	<p>01.07.2021 ж - 01.08.2021 ж. аралығында Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы басқармасымен бірлесе отырып шаруа қожалықтарына тың жобаның елімізге қажеттілігін түсіндіру (ZOOM бағдарламасы арқылы бірнеше мәрте онлайн-конференцияларды өткізу)</p> <p>01-08.2021 ж. - 01.09.2021 ж. аралығында Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы басқармасы, Қызылорда облысының ішкі саясат басқармасымен бірлесе отырып аталған өнімнің қажеттілігін республикалық немесе өңірлік бұқаралық ақпарат құралдары арқылы (телеарна, мерзімді баспа, интернет ресурстары) насихаттау жұмыстарын жүргізу.</p> <p>01.09.2021 ж. – 01.10.2021 ж. аралығында кәсібін алғаш бастаған шаруа қожалықтарына алғашқы жылы аталған өнімнің тегін үлестірілуін және бұрыннан бері бау-бақша шаруашылығымен айналысатын шаруа қожалықтарына аталған өнімді сатып алу мақсатында қаржының 50% субсидияландыру тетіктерін қарастыру.</p> <p>01.10.2021 ж. - 01.12.2021 ж. аралығында Қызылорда облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасына бюджеттік өтінім ұсыну.</p> <p>01.01.2022 ж. – 01.03.2022 ж. аралығында бөлінген қаржыны жылдық жоспарға енгізе отырып, мемлекеттік сатып алу процедураларын ұйымдастыру.</p> <p>01.03.2022 ж. - 15.05.2022 ж. аралығында өнімнің шаруа қожалықтарына жеткізілуін қамтасыз ету.</p> <p>15.05.2022 ж. – 01.06.2022 ж. аралығында бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілер арқылы жобаның сәтті іске асырылғандығы жөнінде ақпараттандыру.</p>

Күнтізбелік жұмыс кестесі
(Жобаның барлық бақылау нүктелерін және басталу мен аяқталу белгіленген күндерімен жұмысты сипаттайтын жоспар-кестесін жасаңыз)

	Жұмыс атауы	2021-2022 жыл аралығы						
		01.07.2021 - 01.08.2021 жж	01-08.2021 - 01.09.2021 жж	01.09.2021 - 01.10.2021 жж	01.10.2021 - 01.12.2021 жж	01.01.2022 - 01.03.2022 жж	01.03.2022 - 15.05.2022 жж	15.05.2022 - 01.06.2022 жж
1	Шаруа қожалықтарына тың жобаның елімізге қажеттілігін түсіндіру (ZOOM бағдарламасы арқылы бірнеше мәрте онлайн-конференцияларды өткізу).	+						
2	Аквагельдің қажеттілігін республикалық немесе өңірлік бұқаралық ақпарат құралдары арқылы (телеарна, мерзімді баспа, интернет ресурстары) насихаттау жұмыстарын жүргізу.		+					
3	Аквагельдің тегін үлестірілуін және бұрыннан бері бау-бақша шаруашылығымен айналысатын шаруа қожалықтарына аталған өнімді сатып алу мақсатында қаржының 50% субсидияландыру тетіктерін қарастыру.			+				
4	Қызылорда облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасына бюджеттік өтінім ұсыну.				+			
5	Бөлінген қаржыны жылдық жоспарға енгізе отырып, мемлекеттік сатып алу процедураларын ұйымдастыру.					+		
6	Аквагельдің шаруа қожалықтарына жеткізілуін қамтасыз ету.						+	
7	Бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілер арқылы жобаның сәтті іске асырылғандығы жөнінде ақпараттандыру.							+

Жауапкершілік матрицасы
(Жауапкершілік матрицасы негізгі жұмыстарды орындауға қатысты жоба рөлдерінің жауапкершілігін белгілейді)

	Жұмыс түрлері	Жобалық рөлдер							
		Имаш Дәулет Ғабитұлы	Әшірбеков Ақылбек Сәндібекұлы	Татишев Адилбек Мамыртайұлы	Мұратбеков Жеткерген Мұратбекұлы	Ауыл шаруашылығы басқармасы	Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы	Ішкі саясат басқармасы	Облыстағы шаруа қожалықтары
1	Шаруа қожалықтарына тың жобаның елімізге қажеттілігін түсіндіру (ZOOM бағдарламасы арқылы бірнеше мәрте онлайн конференцияларды өткізу).	Ж				К	К		Қ
2	Аквагельдің қажеттілігін республикалық немесе өңірлік бұқаралық ақпарат құралдары арқылы (телеарна, мерзімді баспа, интернет ресурстары) насихаттау жұмыстарын жүргізу.				Ж	К	К	О	
3	Аквагельдің тегін үлестірілуін және бұрыннан бері бау-бақша шаруашылығымен айналысатын шаруа қожалықтарына аталған өнімді сатып алу мақсатында қаржының 50% субсидияландыру тетіктерін қарастыру.			Ж		О			
4	Қызылорда облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасына бюджеттік өтінім ұсыну.		Ж			О			
5	Бөлінген қаржыны жылдық жоспарға енгізе отырып, мемлекеттік сатып алу процедураларын ұйымдастыру	Ж				О			
6	Аквагельдің шаруа қожалықтарына жеткізілуін қамтасыз ету.			Ж		О			Қ
7	Бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілер арқылы жобаның сәтті іске асырылғандығы жөнінде ақпараттандыру		Ж			К	К	О	Қ

Ж – жауапты, К – кеңес беруші, Қ – қатысушы, О – орындаушы

Стейкхолдерлерді талдау матрицасы

Стейкхолдер	Жобадағы ролі	Бюджет, нәтижелер, мерзімдер және т.б.) әсер етулері 1-4	Әсер ету тип +/-	Қызығушылық 1-4	Мүдделі тараптардың үмігтері	Мүдделі тараптар үшін жобалық күтілім	Мүдделі тараптардың үмігтерін түсіндіру бойынша іс-шаралар	Байланыс/өзара әрекеттесу стратегиясы	Мерзімділік
Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы	Аквгель өнімінің су ресурстарын үнемдеуге қажеттілігін түсіндіру	4	+	4	Су ресурстарының сарқылу қаупін төмендету. Егіннің бітік шығуын қамтамасыз ету	Өнімнің тұтыну көлемінің өсуі. Су ресурстарының қорының сақталуы. Өнім құрамының табиғи болуы әрі сапалылығы	Өнімнің пайдалылығын кеңінен насихаттау, су ресурстарын үнемдеу бойынша өзге де альтернативтік жобаларды зерделеу	Су ресурстарын пайдаланудағы альтернативтік әдістері жөнінде түсіндірме жұмыстарын жүргізу	2 ай
Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы басқармасы	Аквгель өнімінің шаруа қожалықтарына жеткізілуін және үлестірілуін қамтамасыз ету	4	+	4	Су ресурстарының сарқылу қаупін төмендету. Егіннің бітік шығуын қамтамасыз ету	Өнімнің тұтыну көлемінің өсуі. Су ресурстарының қорының сақталуы. Өнім құрамының табиғи болуы әрі сапалылығы	Өнімнің шаруа қожалықтарына мерзімінде жеткізілуін қамтамасыз ету	Жобаның тиімділігін пайдаланып, өнімді тұтынушыға жеткізуді әрі қарай жалғастыру	1 жыл
Қызылорда облысының ішкі саясат басқармасы	Аквгель өнімінің пайдасын бұқаралық ақпарат құралдары арқылы насихаттау	4	+	4	Өнімнің пайдасын кеңінен насихаттау	Өнімнің бұқаралық ақпарат құралдары танылуы.	Өнімнің пайдалылығын кеңінен насихаттау	Насихаттау жұмыстарын әрі қарай жалғастыру	1 жыл
Облыстағы шаруа қожалықтары	Өнімнің бау-бақшаға тигізетін пайдасын түсіну	4	+	4	Өнімнің арқасында егіннің және бау-бақша өнімдерінің бітік шығатындығына көз жеткізу	Өнімнің арқасында егіннің және бау-бақша өнімдерінің бітік шығатындығына көз жеткізу			1 жыл

Тәуекелдер реестрі

(Жобаның сәйкестендірілген тәуекелдері жобада туындауы мүмкін және жағымсыз әсерлерге әкеп соқтыратын салдарларды тудыруы мүмкін белгісіз оқиғаларды қамтиды)

Тәуекелдер факторы	Тәуекелдер сипаттамасы	Салдары	Ықтималдық	Тәуекелдерді қорытынды бағалау	Тәуекелдерді басқару стратегиясы	Тәуекелдердің орындалу жағдайындағы стратегиясы	Тәуекелдер иесі
Жобаның жаңашылдығы және бұрын қолданылмауы	Шаруа қожалықтарының жаңашылдыққа дайын болмауы немесе тәуекелге бармауы	Жобаның өз деңгейінде жүзеге асырылмауы	75%	75%	Стейкхолдерлерге жаңа өнімді қолдануға үгіттеу және тиімді жолдарын түсіндіру	Шаруа қожалықтарына жаңа идеяларды ұсыну	Жобаның инициаторы
Жобаның жүзеге асырылуына қаржылай қолдаудың болмауы	Бюджет қаражатынан қаржы бөлінбеген жағдайда, мемлекеттік жекешелік әріптестік аясында жобаны жүзеге асыру	Жобаның жүзеге асырылмауы	75%	75%	Өзге қаржыландыру көздерін қарастыру	Жобаға қызығушылықты арттыру	Тапсырыс беруші
Өнімнің елімізде өндірілмеуі	Аквагельдің Ресей Федерациясында өндірілуіне байланысты өнімді елімізге жеткізу барысында жекелеген қиындықтар орын алуы мүмкін	Өнімді жеткізу барысындағы қосымша шығындар	70%	70%	Өзге қаржыландыру көздерін қарастыру	Жобаға қызығушылықты арттыру	Тапсырыс беруші

Жоба аясында байланыстар

(Коммуникацияларды басқару жоспары жобаға қатысушылар тарапынан коммуникацияларға қойылатын талаптарды көрсетеді)

Ақпарат жіберуші	Қажетті ақпараттар	Ақпарат қабылдаушы	Ақпарат жіберу тәсілі	Ескерту
Қызылорда облысының ішкі саясат басқармасы (қала және аудан әкімдіктерімен бірлескен түрде)	Жобаның тиімділігін бұқаралық ақпарат құралдары, қоғамдық бірлестіктер, блогерлер арқылы үгіт насихат жұмыстарын жүргізу	Қызылорда облысының тұрғындары және облыс аумағындағы шаруа қожалықтары	Республикалық және жергілікті телеарналар, мерзімді баспалар, әлеуметтік желілер	Жобаның су ресурстарының сақталуына және су тапшылығын болдырмауға оң әсерін тигізетіндігін ескере отырып жұмыс жасау. Суды мақсатсыз пайдалануды тоқтату.
Жобаға тапсырыс беруші (Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы басқармасы және Қызылорда облысының табиғи ресурстар, табиғат пайдалануды реттеу басқармасы)	Ауыл шаруашылығы және бау-бақша өнімдерін қуаңшылықтан қорғау	Қызылорда облысының тұрғындары және облыс аумағындағы шаруа қожалықтары	Республикалық және жергілікті телеарналар, мерзімді баспалар, әлеуметтік желілер	Су ресурстарын пайдалануда альтернативтік тәсілдерді қолдану




**Су тапшылығы жағдайында егін шаруашылығын
әртараптандыру мақсатында аквагель өнімін
қолдану**

ҚЫЗЫЛОРДА, 2021 Ж

СЫРДАРИЯ ӨЗЕНІ



- Сырдария өзені – Орталық Азиядағы Әмудариядан кейінгі екінші үлкен өзен болып табылады. Өзен Қырғызстанның аумағындағы Тянь-Шань тауларындағы Нарын және Қарадария өзендерінің қосылуынан бастау алып, Қазақстан Республикасы аумағындағы Арал теңізіне құяды. Өзеннің жалпы ұзындығы – 2256 шақырымды құраса, Қазақстан Республикасындағы - аумағы 1400 шақырым.



Су – ТІРШЛІК КӨЗІ



- Алаштың анасы саналатын өңіріміздің күретамыры, негізі тіршілік көзі Сырдария өзенінде су тапшылығы сезілуде. Бұл Арал аймағындағы мал өлімі, күріштікке судың жетіспеуі, бау-бақша шаруашылығы мен қысқа мал-азығына қажетті жем-шөп әзірлеу барысында кездесіп жатқан күрделі мәселелерге тікелей әкеліп тіреуде.



- Жер бетіндегі әр түрлі мақсаттарға пайдаланылатын тұщы судың қоры қаншама мол болғанымен, жалпы есеппен алғанда, ішуге жарамды су табиғатта аз. Әлемдегі су ресурсын адамзат баласы қалай пайдаланса да аздық етпейді, бұл жердегі проблема – ағзаға зиянын тигізбейтін таза суда, ішетін ауыз суда болып тұр. Мәселе – тұщы судың мол қорында емес, оның химиялық құрамы қандай элементтерден тұратындығында. Судың адамға қажеттілігін ауамен салыстыруға болады. Таза су ішпеген адамнан дені сау ұрпақ тарамайды. Сусыз ас болмайды, сусыз күн көру мүмкін емес, оны бәріміз білеміз. Адамзатқа алдағы бес-он жылдың ішінде бір амалын таппаса, судың сұрауы қымбатқа түсейін деп тұр.



СУ ҚОРЫНЫҢ АЗАЮЫНЫҢ БАСТЫ СЕБЕПТЕРІ:



○ Трансшекаралық елдер тарапынан су қорын пайдалану барысында ортақ келісімнің болмауы



○ Ауа температурасының қалыпты мөлшерден асуы




○ Су және жел эрозиясы



○ Су ресурстарын мақсатсыз қолдану



○ Су ресурстарының ластануы



Су қорының азаюының алдын алу және егін шаруашылығын әртараптырудың тың әдістері



- Тамшылатып суару әдісі



- Аквагель өнімін қолдану



- Аэрозольды суару әдісі



- Судың булануын алдын алу мақсатында су қоймаларын көлегейлеуші шарлармен толтыру




- Спринклерлі суару әдісі



- Топырақтың астыңғы қабаттары арқылы суару (подпочвенное орошение)



- Пиропатрон реагенті арқылы жасанды атмосфералық жауын-шашын көлемін арттыру



Аквагель өнімі жөнінде қысқаша ақпарат

Аквагель - су жинағыш және ылғал сақтағыш технологиясын (аквагель) қолдану арқылы аймақтың экологиялық жағдайын жақсартуға септігін тигізетін гранула және ұнтақ формасындағы полимер болып табылады. Аквагель өнімі табиғи кондиционерлік жүйе секілді. Аквагель ылғалды ғана емес, тыңайтқыш ерітінділерін де сіңіруге және сақтауға қабілетті. Ылғал мен қоректік заттардың бөлшектерін сіңіру арқылы полимер материалы оларды сақтап қана қоймай, өсімдікке қоректенуді толық игеруге уақыт береді. Ылғалдың қалыпты және тұрақты қол жетімділігі нәтижесінде гүлдеу мен жеміс беру жеделдейді. Сондай-ақ, аквагель топырақтың құрылымын және оның күйін жақсартуға көмектеседі, кеуіп кетуіне жол бермейді. 1 кг аквагель 100 м², 5-15 см тереңдікті қамтиды және 45 С температурада 6 күн мерзімде ылғалдылықтың сақталуын қамтамасыз етеді. Өзіндік құны 1 кг – 4000 теңге.

Өнімнің артықшылықтары:

- өнімділікті жеделдету, дақыл кем дегенде бір апта бұрын піседі;
- бірнеше апта бойы өсімдіктердің қоректенуін қамтамасыз етеді;
- гидрогель топырақтың табиғи құрылымын сақтауға көмектеседі, бұл тамыр жүйесіне ауаның қалыпты кіруін қамтамасыз етеді;
- жаңадан отырғызылған бау-бақша және ауыл шаруашылығы өнімдерінің 90%-ның ұзақ сақталуын қамтамасыз етеді;
- суару жиілігі 30-50%-ке азаяды;
- экологиялық тұрғыда қауіпсіз;
- бағалы қоректік заттардың кетуіне жол бермеу
- суаруға байланысты жұмыс күші мен техникалық қызмет көрсету шығындарының төмендеуі
- артық ылғал сіңірілген өсімдік тамырларын шіруден сақтайды



АКВАГЕЛЬ ӨНІМІН ҚОЛДАНҒАНҒА ДЕЙІНГІ ӨСІМДІКТІҢ ЖАЙ-КҮЙІ



Дождь
полив
удобрения



грунтовые
воды

Часть питательных веществ
удается задержать за счет почвы,
но большая часть уходит мимо,
в грунтовые воды



Недостаток влаги -
растение погибло.
Результат: потеря растения
и урожая = Убытки..

АКВАГЕЛЬ ӨНІМІН ҚОЛДАҢАҢНАН КЕЙІНГІ ӨСІМДІКТІҢ ЖАЙ-КҮЙІ




*в соответствии с инструкцией

Дождь
полив
удобрения

Нет потери влаги
и удобрений,
нет загрязнения
почвы



Гидрогель
питает растение



Гидрогель «Акватерра»
внесен в соответствии
с правилами применения

Отсутствует потеря влаги
и питательных веществ.
Гидрогель «Акватерра» является
аккумулятором питательных
веществ и влаги.

Результат: сохранение и прирост
урожая = Прибыль/сверхприбыль

○ Назар аударғандарыңызға рахмет!

